

Ресми статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 591 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылғы 31 мамырда Минскіде жасалған Ресми статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

А. Мамин

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды. ҚР
халықаралық келісімінің
жасасқан тілдердегі ресми
куәландырылған көшірмесін ҚР
халықаралық келісімдерін
тіркеуге, есептеуге және
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы
істер министрлігінен алуға
болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 14 тамыздағы
№ 591 қаулысымен
бекітілген

Ресми статистика саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ынтымақтастығын үйлестіру және дәйекті түрде тереңдету, ТМД шеңберінде статистикалық ақпаратпен мемлекетаралық алмасуды кеңейту, ортақ ақпараттық-статистикалық кеңістікті дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында,

ресми статистика саласында әдіснамалық және практикалық ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері жұмысының тиімділігін және ақпараттық статистикалық қамтамасыз ету сапасын арттыру мұндай ынтымақтастықтың нәтижесі екенін мойындай отырып,

БҰҰ Статистикалық комиссиясы қабылдаған Ресми статистиканың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында статистика саласындағы ең жаңа ғылыми әзірлемелер мен әлемдік стандарттарға жауап беретін мемлекеттік статистиканы дамыту жөніндегі келісілген және үйлестірілген шараларды қабылдаудың маңыздылығын ұғына отырып,

ресми статистика саласында мемлекетаралық бағдарламалар мен бірлескен жобаларды әзірлеуде және жүзеге асыруда қолдау көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдіре отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелері мен заңнамасын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы ынтымақтастығының келісілген қағидаттары мен қағидаларын әзірлеу және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің осы саладағы өзара іс-қимылын үйлестіру осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері басшыларының кеңесі туралы ережеге (1-қосымша) сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері басшыларының кеңесіне (бұдан әрі – Кеңес) жүктелсін.

2-бап

ТМД шеңберінде статистика саласындағы ең жаңа ғылыми әзірлемелер мен әлемдік стандарттарға жауап беретін ресми статистиканы одан әрі дамыту, статистикалық ақпаратпен мемлекетаралық алмасуды кеңейту, ортақ ақпараттық-статистикалық кеңістікті дамыту мақсатында ынтымақтастықтың келісілген қағидаттары мен қағидаларына негізделген ақпараттық алмасуды ұйымдастыру ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы статистикалық, талдамалық материалдарды әзірлеуді осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті туралы ережеге (2-қосымша) сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитетіне (бұдан әрі – ТМД Статкомитеті) жүктелсін.

3-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өз мемлекеті қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан ол үшін туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

4-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарийдің алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру арқылы осы Келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық болып табылады.

ТМД-ға қатысушы мемлекет үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарийдің алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім оған қол қойған немесе оған қосылған мемлекеттердің мұндай қосылуға келісетіні туралы соңғы хабарламаны депозитарийдің алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

7-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге шыққанға дейін кемінде алты ай бұрын өзінің мұндай ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып және осы Келісімнің қолданысы кезінде туындаған міндеттемелерін реттеп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2013 жылғы 31 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Түрікменстан

Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін
Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін
Украина
Үкіметі үшін

2013 жылғы 31 мамырдағы
Ресми статистика саласындағы
ынтымақтастық туралы
келісімге
1-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері басшыларының кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері басшыларының кеңесі (бұдан әрі – Кеңес), 2013 жылғы 31 мамырдағы Ресми статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы ынтымақтастығының келісілген қағидаттары мен қағидаларының әзірлеуді, ТМД Мемлекеттері басшыларының кеңесі, Үкіметтер басшыларының кеңесі және Экономикалық кеңес қабылдаған шешімдерді орындау мәселелері жөніндегі Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады деп танылған ТМД салалық ынтымақтастық органы болып табылады.

1.2. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды, ТМД Мемлекеттері басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Экономикалық кеңесінің шешімдерін, БҰҰ Статистикалық комиссиясы қабылдаған Ресми статистиканың негізгі қағидаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Кеңес Келісімге қатысушы мемлекеттерде ресми статистиканы дамыту жөнінде жалпы ұсынымдарды әзірлейді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық статистикалық комитеті (бұдан әрі – ТМД Статкомитеті) қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді.

II. Кеңестің функциялары

Кеңестің негізгі функциялары:

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы ынтымақтастығының келісілген қағидаттары мен қағидаларын әзірлеу;

ТМД Мемлекеттері басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының кеңесі, Экономикалық кеңесі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру мәселелері жөнінде қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру;

ресми статистика саласындағы мемлекетаралық бағдарламаларды және жобаларды қалыптастыру және іске асыру бойынша ТМД Статкомитетіне ұсыныстар, ұсынымдар және тапсырмаларды дайындау;

өз құзыреті шеңберінде ТМД салалық ынтымақтастық органдарымен, ТМД Атқарушы комитетімен, Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтері және ТМД Статкомитетінің ұсыныстары негізінде Кеңес және ТМД Статкомитеті жұмысының ағымдағы және перспективалы жоспарларын бекіту;

ТМД Үкімет басшылары кеңесі белгілейтін тәртіппен кейіннен бекіту үшін ТМД Статкомитетін ұстауға арналған бюджеттік шығыстардың сметасы және ТМД Статкомитетінің бюджеттен тыс табыстары мен шығыстарының сметасы бойынша ұсыныстарды қарау;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер статистикалық қызметтерінің ТМД Статкомитеті қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарын қарау;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер статистикалық қызметтерінің өзара іс-қимылын кеңейту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

статистикалық ақпарат алмасу жүйесін жетілдіру;

Кеңес және ТМД Статкомитеті туралы ережелерге белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды қарау және қабылдау.

III. Кеңестің құқықтары

Кеңестің өз функцияларын орындау үшін мыналар бойынша шешім қабылдауға және ұсынымдар беруге құқығы бар:

ТМД Статкомитетінің қызметі туралы бағдарламалар, жұмыс жоспарлары және есептері;

статистика жөніндегі әдіснама және бірлескен жұмыстар мәселелері бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттер сарапшыларының жұмыс кеңестерін ұйымдастыру;

Кеңес және ТМД Статкомитетінің қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын белгіленген тәртіппен, ТМД Мемлекеттері басшыларының кеңесіне, Үкімет басшыларының кеңесіне, Экономикалық кеңесіне қарауға енгізу;

ТМД Статкомитеті Төрағасының лауазымына орналасуға кейіннен кандидатураны бекіте отырып, ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің ТМД Статкомитеті Төрағасын сайлауы;

Кеңес белгілеген тәртіппен ТМД Статкомитеті Төрағасы орынбасарларының лауазымдарына орналасуға кандидатуралар;

ТМД Статкомитетінің басшы қызметкерлерінің лауазымдарына орналасу тәртібі;

ТМД Статкомитеті қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға конкурс туралы ережені бекіту;

Кеңес жұмысының регламентін бекіту;

ТМД Статкомитеті жұмысының регламентін бекіту;

ТМД Статкомитеті жанындағы Әдіснамалық кеңес туралы ережені бекіту;

өз құзыретіне кіретін басқа мәселелер бойынша.

IV. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

4.1. Кеңестің құрамына Келісімге қол қойған ТМД қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің басшылары және ТМД Статкомитетінің Төрағасы кіреді.

Кеңестің отырысына оның мүшелерінің орнын басатын тұлғаларды жіберу кезінде олардың құзыреттері Кеңес жұмысының регламентіне сәйкес бекітілген болуы тиіс.

ТМД қатысушылары болып табылмайтын, бірақ Келісімге қол қойған мемлекет өкілдері байқаушылар ретінде Кеңес жұмысына қатысады.

Кеңестің басқа мүшелерімен келісілген Кеңес мүшесінің ұсынысы бойынша Кеңестің отырыстарына халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ Келісімнің қатысушылары болып табылмайтын ұлттық статистикалық қызметтерінің өкілдері қатыса алады.

4.2. Кеңеске төрағалық етуді, әдетте, Достастыққа қатысушы мемлекеттер атауларының орыс әліпбиіндегі тәртібімен Келісімге қол қойған ТМД-ға қатысушы әр мемлекеттің атынан оның өкілі кезек-кезек бір жыл бойы жүзеге асырады. Кеңестің алдындағы және кейінгі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады. Кеңес төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттері тең төрағаларының біріне жүктеледі.

4.3. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет өткізіледі. Кеңес отырыстарын шақыру, оларды өткізу, кворум, оның шешімдерін қабылдау рәсімі, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастырудың басқа да мәселелері Кеңес жұмысының регламентінде белгіленеді.

4.4. Кеңестің Төрағасы:

Кеңестің жұмысын басқарады;

Кеңес отырыстарын өткізеді және ол қабылдаған құжаттарға қол қояды;

Кеңес мүшелерінен Кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша ақпаратты сұратады.

4.5. Кеңес қызметінің ұйымдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша хатшылығының функциялары ТМД Статкомитетіне жүктеледі.

4.6. Кеңес өзінің қызметінде ТМД Үкіметтері басшыларының кеңесіне есеп береді. Кеңестің жұмысы туралы есептер белгіленген тәртіппен ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің отырыстарында қаралады.

V. Қаржыландыру

Кеңес отырыстарының өткізілуін қаржыландыруға байланысты шығыстар қабылдаушы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билігінің тиісті органдарының есебінен жүргізіледі. Кеңестің мүшелері мен отырысқа қатысушылардың іссапарларына жұмсалатын шығыстарды мемлекеттік биліктің жіберетін органдары және Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұйымдары жүзеге асырады.

VI. Қорытынды ережелер

6.1. Кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

6.2. Кеңес өзінің қызметі туралы ақпаратты ТМД Атқарушы комитетіне жыл сайын ұсынады.

2013 жылғы 31 мамырдағы
Ресми статистика саласындағы
ынтымақтастық туралы
келісімге
2-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті (бұдан әрі – ТМД Статкомитеті) 2013 жылғы 31 мамырдағы Ресми статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің заң шығару және атқарушы билігінің жоғары органдарына, бұқаралық ақпарат құралдары мен жұртшылыққа, Достастықтың жоғарғы және басқа органдарына статистикалық ақпаратты, талдамалық, ақпараттық материалдарды дайындауға, әдіснамалық мәліметтерді әзірлеуге қатысты бөлігінде ұлттық статистикалық қызметтер қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекетаралық орган болып табылады және ақпараттық алмасуды дамытуға, Келісімге қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының талдауын күшейтуге және ресми статистика саласындағы жалпы ұсынымдарды тұжырымдауға ықпал етеді.

1.2. Өз қызметінде ТМД Статкомитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің,

Экономикалық кеңесінің, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің басшылары кеңесінің шешімдерін, 1996 жылы 26 ақпандағы Ресей Федерациясының аумағында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық статистикалық комитетінің орналасу жағдайлары бойынша Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық статистикалық комитеті арасындағы келісімді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. ТМД Статкомитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің басшылары кеңесімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Келісімге қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы ынтымақтастығының келісілген қағидаттары мен қағидаларын әзірлеуге қатысады, ТМД Мемлекеттер басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының кеңесі, Экономикалық кеңесі қабылдаған шешімдерді практикалық жүзеге асыруға ықпал етеді.

1.4. ТМД Статкомитеті ТМД үкіметтері басшылары кеңесіне, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Статистикалық қызметі басшыларының кеңесіне (бұдан әрі – Кеңес) есеп береді және өз қызметін ТМД Атқарушы комитетімен, ұлттық статистика қызметтерімен тығыз өзара іс-қимылда іске асырады.

1.5. ТМД Статкомитеті Ресей Федерациясы аумағында заңды тұлға құқықтарын пайдаланады, оқшауланған мүлкі болады, дербес баланста болады, банктердің қызмет көрсететін мекемелерінде есеп айыру және басқа шоттары, сондай-ақ өз атауы көрсетілген белгіленген үлгідегі мөрі бар, ресми бланкілерде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және ТМД Статистикалық комитеті эмблемасын қолданады, соттарда талап қоюшы және жауапкер ретінде танылады, Ресей Федерациясы заңнамасына сәйкес мүліктік жауапкершілікке ие.

ТМД Статкомитеті халықаралық құқықтың дербес субъектісі болып табылмайды және өз атынан халықаралық шарттарды жасасуға уәкілетті емес.

1.6. ТМД Статкомитеті БҰҰ Статистикалық қызметін үйлестіру комитетінің ресми мүшесі ретінде, БҰҰ Статистикалық комиссиясының, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Еуропалық статистиктер конференциясының, Еуропалық статистиктер конференциясы Бюросының, БҰҰ Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясы Статистика комитетінің тұрақты бақылаушысы ретінде халықаралық статистикалық қызметке қатысады, БҰҰ жүйесіндегі статистикалық қызметтермен және оның мамандандырылған мекемелерімен, Еуропалық одақпен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен, Халықаралық валюта қорымен, Халықаралық қайта құру және даму банкімен, басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды.

II. ТМД Статкомитетінің функциялары

ТМД Статкомитетінің негізгі функциялары:

Келісімге қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы ынтымақтастығының келісілген қағидаттары мен қағидаларының практикада іске асырылуын қамтамасыз ету;

жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға және халықаралық практикада жалпы қабылданған есеп және статистика жүйесіне сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттердегі мемлекеттік статистиканы реформалауға жәрдемдесу;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің ресми статистика саласындағы мемлекетаралық бағдармалар мен бірлескен жобаларын практикалық іске асыру;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерінің өзара іс-қимылын кеңейтуде ықпал ету, ТМД шеңберінде статистикалық ақпараттың көпжақты алмасуын және ортақ ақпараттық-статистикалық кеңістікті дамыту;

ТМД-дағы экономикалық даму үрдістерін және интеграциялық процестерді талдау; тиісті халықаралық қағидалар мен стандарттарға негізделген модельдік статистикалық әдіснаманы әзірлеу;

Келісімге қатысушы мемлекеттердегі ресми статистиканы ұйымдастыру бойынша ұсынылатын әдіснамалық әзірлемелерді енгізуге көмек көрсету;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерімен кадрларды оқытуды ұйымдастыру, мемлекеттік статистиканы реформалаумен байланысты семинарларды және тағы басқа іс-шараларды өткізу бойынша өзара іс-қимыл жасау;

статистикалық ақпаратпен мемлекетаралық алмасу және ТМД Статкомитетінің жыл сайынғы бағдарламаларына сәйкес оны жариялау;

мемлекетаралық байланыстарды және Келісімге қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын Келісімге қатысушы мемлекеттердің ортақ статистикалық базасын құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жүйелі түрде өзектілендіру;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын, олардың әлемдік экономикаға интеграциясы барысындағы өзара іс-қимылын және ынтымақтастығын сипаттайтын статистикалық көрсеткіштері зерделеу;

ТМД Экономикалық кеңесімен, ТМД Атқарушы комитетімен, ТМД қатысушы мемлекеттерінің Парламентаралық ассамблеясы кеңесінің хатшылығымен және Достастықтың басқа да органдарымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасау;

халықаралық статистикалық ынтымақтастықты жүзеге асыру, халықаралық статистикалық ұйымдардың жұмысына қатысу;

халықаралық статистикалық жобаларға қатысу;

ТМД шеңберінде үйлесімділігін қамтамасыз ететін озық ақпараттық технологияларды мемлекеттік статистикаға енгізуге ықпал ету;

Кеңес отырыстарында талқылау және бекіту үшін Кеңес және ТМД Статкомитеті жұмыстарының ағымдағы және перспективті жоспарларының жобаларын дайындау;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің жалпы экономикалық жағдайы, экономикалық ынтымақтастығының серпіні мен үрдістері туралы қағазда және электрондық жеткізгіште бюллетеньдер, баяндамалар, жинақтар түрінде талдамалық және ақпараттық-болжамды материалдарды даярлау және тарату, сондай-ақ ақпараттық-статистикалық материалдарды ТМД Статкомитетінің ресми сайтында орналастыру болып табылады.

III. ТМД Статкомитетінің құқықтары

ТМД Статкомитеті өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін:

деректердің статистикалық ортақ қорын құру үшін Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті органдарынан, мемлекеттердің заңнамасына қайшы келмейтін тәртіппен және шарттарда статистикалық ақпаратты және ресми статистика саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді мемлекетаралық алмасу тәртібімен ақысыз негізде алуға;

қажет болған жағдайда ТМД Статкомитетінің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттер сарапшыларының кеңесін ұйымдастыруға;

Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің және ТМД Экономикалық кеңесінің шешімін талап ететін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;

Келісімге қатысушы мемлекеттерде ортақ статистикалық жұмыстарды жүргізуді Кеңеспен, Келісімге қатысушы мемлекеттердің статистикалық қызметтерімен келісуге; өз құзіретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

IV. ТМД Статкомитетінің құрамы

4.1. ТМД Статкомитетіне ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарынан үш жылдық мерзімге тағайындалатын Төраға және оның орынбасарлары басшылық етеді.

4.1.1. ТМД Статкомитетінің Төрағасын Кеңес сайлайды және ТМД Үкімет басшыларының кеңесі бекітеді. ТМД Статкомитетінің Төрағасы Кеңестің мүшесі болып табылады.

4.1.2. ТМД Статкомитеті Төрағасының орынбасарларын лауазымдарға тағайындау ТМД Статкомитеті Төрағасының бұйрығымен Кеңес отырысында кандидатуралар мақұлданғаннан кейін жүргізіледі.

4.2. ТМД Статкомитетінің Төрағасы:

ТМД Статкомитетінің жұмысын ұйымдастырады, бұйрық шығарады және өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша нұсқаулар береді;

Төраға орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі;

халықаралық ұйымдарда ТМД Статкомитетінің мүддесін білдіреді;

Мемлекет басшыларының кеңесі және ТМД Үкімет басшыларының кеңесі белгілеген саны мен еңбекақы төлеу қоры шеңберінде ТМД Статкомитетінің құрылымын және штат кестесін бекітеді;

орналасқан мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін лауазымға қабылдау және қызмет атқару, аттестациядан өткізу және жұмыстан босату тәртібін бекітеді;

құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

ішкі тәртіп қағидаларын бекітеді;

ТМД Статкомитетінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және босатады;

ТМД Статкомитетінің атынан шаруашылық және өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өзге де шарттарды жасайды.

4.3. ТМД Статкомитетінің орынбасарлары өз қызметін міндеттердің үлестірілуіне сәйкес жүзеге асырады.

4.4. ТМД Статкомитетінің қызметкерлері халықаралық қызметкерлерге теңестіріледі, штаттық лауазымдарға ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарынан ТМД Статкомитеті орналасқан мемлекеттің еңбек туралы заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын ресімдеу арқылы жалдау тәртібімен тағайындалады. Олардың мәртебесі, құқықтары және міндеттері 2003 жылғы 25 сәуірдегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімде айқындалады.

4.5. ТМД Статкомитетінің қызметкерлері ресми функцияларды орындау кезінде өз мемлекеттерінің мүдделерін білдіре алмайды, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің билік органдарынан немесе ресми тұлғаларынан, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттердің билігінен нұсқау сұрай алмайды немесе бере алмайды.

4.6. ТМД Статкомитеті қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету жағдайлары ТМД Үкімет басшыларының кеңесі шешімдерімен айқындалады.

4.7. ТМД Статкомитетінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, сондай-ақ ТМД Статкомитетіндегі жұмыс уақыты олардың еңбек өтілі есебіне жазылуы өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

V. Жұмысты ұйымдастыру

5.1. ТМД Статкомитеті өзінің жұмысын Жұмыс регламентінде және осы Ережеде белгіленген тәртіппен ұйымдастырады.

5.2. ТМД Статкомитетінің ағымдағы қызметі оның статистикалық жұмыстарының жылдық бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.3. ТМД Статкомитеті Кеңес хатшылығының ұйымдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша функцияларын жүзеге асырады.

5.4. ТМД Статкомитеті Ресей Федерациясының заңнамасына және ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің және Экономикалық кеңесінің шешімдеріне сәйкес ішкі жұмыс тәртібінің қағидаларын белгілейді және қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырады.

5.5. ТМД Статкомитеті қызметін қаржылай қамтамасыз ету ТМД Үкімет басшылары кеңесі бекітілген ТМД органдарының бірыңғай бюджетінен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің іскерлік жарналары есебінен жүзеге асырылады.

5.6. ТМД Статкомитетін ұстауға жұмсалатын шығындардың бюджеттік сметасын ТМД органдарының бірыңғай бюджетінде ТМД Статкомитетіне көзделген қаржы шеңберінде ТМД Статкомитетінің Төрағасы тиісті қаржы жылына бекітеді.

5.7. ТМД Статкомитеті қызметін қосымша қаржыландыру көзі бюджеттен тыс көздерден түсетін бюджеттен тыс қаражат болуы мүмкін, оларды қалыптастыру және қолдану тәртібі ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен айқындалады.

5.8. Келісімге қатысушы мемлекеттер өкілдері екі жылда кемінде бір рет ТМД Үкімет басшыларының кеңесі Төрағасының өкімі бойынша ТМД Статкомитетінің қызметін қаржы-шаруашылық тексеруді өткізеді. Тексеру нәтижелері ТМД Үкімет басшылары кеңесіне қарауға ұсынылады.

5.9. ТМД Статкомитеті қызметтік үй-жайлармен және мүлікпен Ресей Федерациясымен келісу бойынша айқындалатын тәртіппен және шарттарда қамтамасыз етіледі.

5.10. Әдістемелік мәселелерді қарау үшін ТМД Статкомитеті жанындағы Әдістемелік кеңес жұмыс істейді, ол туралы ережені Кеңес бекітеді.

VI. Қорытынды ережелер

6.1. ТМД Статкомитетінің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

6.2. ТМД Статкомитеті Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында орналасады. ТМД Статкомитетінің Ресей Федерациясында орналасу шарттары Ресей Федерациясы Үкіметі және ТМД Статкомитеті арасындағы Келісімге сәйкес айқындалады.